

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 1481 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 285 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 шілдедегі N 574 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.07.06. N 574 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Геодезия және картография туралы " 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге және топографиялық-геодезиялық және картографиялық өнімдерді сатуға лицензиялар беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 1481 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 479-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және 1-тармақта:

"сатуға лицензиялар беру ережесін" деген сөздер "сатуды лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сатуға лицензиялар беру ережесі" деген сөздер "сатуды лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде "жүргізуге" деген сөз алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге және топографиялық-геодезиялық және картографиялық өнімдерді сатуға лицензиялар беру ережесінде:

тақырыбында "сатуға лицензиялар беру ережесі" деген сөздер "сатуды лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде "жүргізуге" деген сөз алынып тасталсын;

1-тармақ және 1, 3, 4-бөлімдер алынып тасталсын;

"Біліктілік талаптары" деген 2-бөлімде:

тақырыбы алынып тасталсын;

"15" және "16" тармақтар "1" және "2" тармақтар болып саналсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК